# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1374 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1091 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1374 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 7-бөлімде:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| "4. | Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы салалық статистикалық сыныптауышты және мемлекеттік стандарттар жүйесін әзірлеу және практикаға енгізу | Пайдалануға беру актісі | БП (келісім бойынша), ИСМ | 2006 жылғы 4-тоқсан | - | 68,4 | - | РБ"; |

реттік нөмірі 5-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК